

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясы

СОЦИАЛИСТИК КАЗАҚСТАН

ЦК(б)П Орталық Комитеті мен Алматы обкомының органы.

№ 208 (6128) || 3 сентябрь 1942 жыл. Бейсенбі || Жеке саны 15 т.

Жолдастар, колхозшылар, совхоздар мен МТС қызметкерлері!

Егін жыйнауда жанаямай еңбек етіп, Қызыл Армияның батыр жауынгерлері мен командирлерінің неміс-фашист сұрқыяларды қыйратуына көмектесейік!

Майдандық декадаға жақсы әзірленіп, оны үлгілі өткізейік!

Естен кетпейтін күндер

Майданға баратынымды есіткенде қатты қуандым. Тілегім орындалды. Майдандардың бірінде бригадамен бірге 45 күн болдым. Естен кетпейтін бұл 45 күн маған әлденеше жылдай әсер етті. Бұл уақыттың ішінде біз 64 концерт, оның ішінде майданның алдыңғы позицияларында 40 концерт бердік.

17 июнде Солтүстік-Батыс майданының командованиесі мен бастықтары үшін берген майдандағы бірінші концерттіміз зор табыспен өтті.

Бұдан кейін біз алдыңғы позицияларға кеттік. Летчиктерге, танкистерге, артиллеристерге, минометчиктерге, жаяу әскерге, көбінесе орман ішінде концерттер бердік. Қызыләскерлердің күнбе-күн шығып тұратын «Мужество» газеті 12 июльдегі санында біздің концерттерімізге зор баға берді, концерттеріміздің жауынгерлерге зор әсер етіп, жауға қарсы күресте оларды рухтандырғанын жазды.

Жауынгерлердің, командирлер мен саяси қызметкерлердің майдандағы көрсеткен еңбегімізге қандай сүйсініп, қандай қуанғанын айтып жеткізу қиын. Олар біздің қыйырдағы Қазақстаннан майданға баруымызды совет тылы мен майданның күшті бірлігінің белгісі, ССРС халықтарының мызғымайтын достығының бел-

гісі деп таныды, өздеріне көрсеткен қамқорлығы, сүйіспеншілігі үшін Қазақстанның партия және үкмет бастыларына, бүкіл қазақ халқына, бригаданың мүшелеріне шын көңілден алғыс айтты.

Біз көп ұлтты совет халқының қарулы ержүрек ұлдарын, нешетүрлі қыйыншылықтарға төзіп, жаудың оғы астында қасиетті совет жерін қорғаушы батырларын көрдік.

Біз геройларды, қолбасшыларды, жауынгер қыздарды көрдік.

Валя 19 жаста. Ол өз елінің шын патриоты. Соғыс басталған соң екі айдан кейін ол Рыбинскіден өзі тіленіп майданға келді. Жолда 11 күн жаяу жүрді. Дәрігерлік батальонда оны қызметке алып, екінші күні ұрыс майданына жаралыларды жыйнауға жіберді. Ол сол күнгі ұрыстың өзінде жаралы 7 жауынгерді оқтың астынан алып шықты. Оның бір күн ішінде 20-25 жаралы жауынгерді алып шыққан кездері болды. Валя тек медсестра болып қана қоймай, оның үстіне командованиенің әр түрлі жауынгерлік тапсырмаларын орындап жүрді, талай рет разведкаға барды. Бір күні орман ішінде өзіне қарсы келе жатқан автоматы бар немісті көрді. Валя тасаланып жатты да, неміс 15 қадам жерге келген кезде көздеп тұрып, «қолынды көтер» деп айқайлады. Фриц сасқаны-

нан автоматын тастап жіберді. Валя оның автоматын алып, немісті бөлімге әкеліп тапсырды. Тағы бірде Валя бір қызыләскермен селоға барлауға барған жерде немістің үш солдатын өлтіріп, жаудың пулеметін патрондарымен бірге өзінің бөліміне әкеліп тапсырды. Қазір Валяның омырауында Қызыл Жұлдыз ордені бар, оның үстіне екінші рет награда қа ұсынылды.

Майданда жанқиярлықпен соғысушы бұл қаһарман қыздың жарқын бейнесін біз сахнада көрсетуіміз керек. Валя жалғыз емес. Біз ол сыяқты талай ержүрек әйелдердің жауынгерлік әңгімелерін тыңдадық.

16 июльде біз авиация полкінде концерт бердік. Советтер Союзының Геройы лейтенант истребитель-летчик Тимур Михайлович Фрунзе осы полктің қатарында жауға қарсы соғысты. 20 жастағы герой Тимур, даңқты қолбасшы Михаил Васильевич Фрунзенин ұлы, жаудың басым күшіне қарсы әуе ұрысында отаны үшін жанын қыйып, батыр өлімімен қаза тапты. Біз Тимурды ешуақытта ұмытпаймыз. Тимур үшін, совет халқының отанын қорғау жолында қаза тапқан барлық ұлдары үшін жаудан рақымсыз кек аламыз.

Біз адамдардың нағыз туысқандық достығын көрдік. Әрбір әскер бөлімінде Советтер Союзындағы ұлттардың бәрінің дерлік өкілдері кездеседі. Орыстар, украиндар, қазақтар, белорустар, грузиндер, азербай-

жандар, өзбектер, татарлар және басқалар ағалы-інілі адамдай болып, ұлы идеямен бас қосып, жауды рақымсыз талқандауда.

Майдандағы жауынгерлеріміз ұйымшылдықтың, іс пен тілек бірлігінің үлгісі. Соғыстағыша бір кісідей болып жұмыс істеуді біз солардан үйренуіміз керек. Өздеріміздің ұйымшылдығымызды арттырсақ, партия мен үкметтің нұсқауларын бұлжытпай орындап отырсақ, біз қай жерде болса да, қандай жұмыста болса да майданға зор көмек көрсете аламыз. Отанымызға төнген қауып зор. Кімде-кім мұны түсінбесе немесе түсінгісі келмесе, ондайларға біздің арамызда орын жоқ. Кімде-кім бәріміздің ісімізге бөгет жасаса, ол соғыс уақытының қатан заңы бойынша жазалану керек. Қазір біздің қандай еңбегіміздің болса да соғыс жөнінде зор манызы бар. Біз бір ұранмен жұмыс істейміз: «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін».

Мен Қазақстанның барлық иесуші қызметкерлерін майдандағы жауынгерлерше жұмыс істеуге шақырамын. Біз өзіміздің көркем өнерімізбен майдандағы жауынгерлерді, тылдағы еңбекшілерді рухтандырып, жаңа ерлік істерге жұмылдыруға міндеттіміз.

Неміс оккупанттары құртылсын!

Күләш БАЙСЕЙТОВА,
ССРС халық артисі, Қазақ
ССР Жоғарғы Советінің депутаты.